Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин туы

Шығуына 26-шы жыл
№ 159 (6860)
1944 жыл
Сенбі
12 август
Жеке саны 20 тыйын

Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

ЧИТ. ЗАЛ

Егін жыйнаудағы негізгі міндет

егін өсіріп, еліміз бен Қызыл Ар-
астықпен жабдықтау үшін, артель
ылығы мен өздерінің хажетін өтеу
олхозшылар бүкіл қыс бойына, көк-
эне жаз бойына еңбек істеді. Шын
соғыс талабына сай бітік егін пісіп
Дихан еңбегіндегі ақсап күткен ке-
ін жыйнау өріс алды. Бұл ақсап
дегенмен аса қыйын, аса жауапты

шаруашылығында егін жыйнаудан
бірде-бір жұмыс осындай қауырттты-
талап етпейді. Ауыл шаруашылық
дарының басқаларынан көрі, егін
у үшін жұмыс мерзімінің ерекше ма
ар. Егінді мезгілінде жыйнап алсақ
ның, егін жыйнау жұмысын кешіктіс
сақ—ұтылғаның. Сталин жолдас осы
йді.
оздар мен совхоздар үшін тек бірақ
р—ол астық үшін күресте ұту. Бей-
к жылдарда да осылай болатын
ғыс жылдарын да мұның маңызы
е, үш есе артып отыр. Астық—жеңіс
күресте аса маңызды құралдың бірі.
көп болса-жеңіс жақындай түседі,
ің күш-қуаты сол ғұрлым артып
ат дәрежесі көтеріледі.
алы жеріміз қазіргі егін жыйнау
індегідей мұндай еңбек дамуын ешда көрген емес. Комбайншылар
рактершылар, орақшылар мен бау бай
лар, мая салушылар мен егін соғу-
, таразышылар мен астық тасушылар
е еңбек істеп жүр. Егін жыйнауға
лген қала еңбекшілері еңбек майда-
ерлік көрсетуде колхозшылардан
пай олармен қол ұстаса жұмыс істеп

ыл егін жыйнау бүкіл халықтың аса
ды ісі болып отыр. Бұл алғашқы күн
н бастап оның табысты болуына не-
лды. 30 июльге дейін егін өткен
ғыдан екі есе артық орылды. Ав-
күндері егін орағының қарқыны не-
м күшейе түсті. Қазірдің өзінде же-
лхоздар мен аудандар ғана емес, тіп
іл бір облыстар егін ору жұмысын
ға жуық. Бұлардың ішінде Украина-
зат етілген—Днепропетровскі, Ста-
және басқа облыстары бар.
лекетке астық тапсыру қарқыны
анап күшеюде. Колхозшылар Отаны-
ң игілігі үшін деген сезіммен егін
оны жыйнауға кірісті. Олар сүйікті
мызға алғашқы және ең сапалы ас-
тапсыруда. Астық тиелген ұшы-қы-
жоқ көп керуендер еліміздің тас
ары мен қара жолдарында элеватор-
лек-легімен ағылуда. Автомобильдер
інше аттар мен сыйырлар керуендері
барады. Саратов облысындағы Но-
нскі ауданының колхоздары 6 августа
үннің өзінде элеваторға астықпен 2
арба, оның ішінде колхозшылардың
ігіндегі сыйырлар жегілген 900 арба
тті. Бұл күні аудан колхоздары мем
ке 70 мың пұттан аса астық тапсыр-
еліміздің басқа аудандарындай мұнда
тық тапсыру жоспарын мерзімінен бұ-
орындаған колхоздар аз емес.
міз бен Қызыл Армиямыз колхоз, сов
гін даласынан түскен қуанышты хар-
рды ықыласпен тыңдауда. Кеңес хал
ін даласы қызметкерлерінің әрбір та-
н лайықты бағалай біледі. Бірақ ке-
адамдары табыстарға мастанбайды.
жыйнауда қол жеткен табыстарды
бағалауға ешбір негіз жоқ. Қазір,
жыйнау жұмысының шешуші кезеңі
нде мұны еске салудың ерекше маңы
ар.

**нді қысқа мерзімде, ысырапсыз жый-
алу, ауыл шаруашылық өнімдерін да-
ау жоспарларын деркезінде орындау—
жыйнау науқанының басты міндеті
осындай.** Бұл міндетті орындау жо-
ағы күрес егін орудан бастап астық
а дейінгі барлық егін жыйнау жұмыс
н дұрыс ұштастыра жүргізуді талап
. Егін жыйнауда жұмысын бір сала-
ң артта қалуының өзі бүтіндей егін
ының сөзсіз кешеуілдеуіне, астықтың
ап болуына ұшыратады. Бұл барлық
е ескеріліп отыр ма? Әрине, жоқ.
ін жыйнау жұмысын ойдағыдай өткі-
і бірінші шарты—егін жыйнау машина-

мысты үздік-создық істеп жүргендігі көрініп отыр, бұл астықтың көп ысырап болуына ұшыратады. Ставрополь өлкесіндегі Ақмешіт МТСның қамтуындағы колхоздарда егінінің піскеніне бірнеше апта өтіп кетті, ал оны жыйнау әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Ақмешіт МТС толық жөнделмеген комбайндарды егін даласына шығарып, комбайндарды техникалық жағынан қамту ісін ұйымдастыруға қамқорлық жасамады. Осының салдарынан комбайндар әлсін-әлсін тоқтай береді, ал астық шәшіліп жатыр.

Егін ору мерзімін азайту—артта қалған аудандарға қойылатын бірінші талап ғана емес. Алға қойылатын өте-мөте маңызды екінші бір талап—орылған астықты ысырапқа ұшыратпау ісі. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитеті егін жыйнаудың барлық кезеңінде астық ысырабына қарсы күрес шараларын белгілеп берді. Бұлардың ішінде—орылған егінді дереу баулау, бауларды шөмелелеп, айқыш-ұйқыш жыйнау, кепкен егінді маялау, астық бастыру жұмысын дер кезінде өрістету шаралары көрсетілді.

Егін жыйнау мен астық дайындауды ойдағыдай өткізудің маңызды үшінші шарты—барлық көлік күшін толық пайдалану болып табылады. Автотранспорттың атқаратын жұмысының көптігі мен жылқының жеткіліксіздігін еске алып, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитеті колхоздардың, колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметкерлердің өнімді аз беретін сыйырларын егін жыйнау және астық тасу жұмыстарына толық пайдалануға міндеттеді. Заттай ынталандыру тәртібі белгіленді. Дегенмен үкметіміз бен партиямыздың сыйырларды жұмысқа пайдалану жөніндегі қаулысы әлі барлық жерде колхозшыларға түсіндірілмеген, сыйырларды жұмысқа жегу ісін ұйымдастыру жөнінде барлық жерде түгел шара қолданылған жоқ. Бұл шынында астықтың жөнелтілмей қырмандарда жатып қалуына, астық тапсырудың кешеуілдеуіне әкеліп соғады. Барлық көлік күшін жұмысқа пайдаланып, астықты қырмандардан элеваторларға тасу жұмысын тездету кезек күттірмейтін міндет.

Егін жыйнаудың қызу күндерінде еңбекті және оған ақы төлеу ісін дұрыс ұйымдастыру мәселесінің ерекше маңызы бар. Алдыңғы қатарлы колхоздардың іс тәжрибесі дербес және шағын топ (звено) болып еңбек істеу әдісін кеңінен қолданудың өте пайдалы екендігін сыпаттады. Жеке адамдарға немесе топқа егін ору, баулау, бауларды шөмелелеу және тасу, масақ жыйнау сыяқты қолмен істелетін жұмыстарда тапсырма беру ісін кеңінен қолдану керек. Жеке адамдарға және топқа тапсырма беру ісін астықты тәзарту жұмыстарына әбден қолдануға болады. Колхозшыларға заттай аванс беру ережесі де мүлтіксіз орындалу керек. Егінді сабақта тұрғанда жыйнағанда, бастырғанда, тасығанда және сақтағанда тыңғылықты күзету егін жыйнау жұмыстарының маңызды саласы болып саналады. Егін маяларын шөмелелерін, қырмандарды қырағы күзету, астықты молотилкалардан, комбайндардан қабылдағанда міндетті түрде өлшеу, күзетшілер мен таразышыларды қадағалап, іріктеп алу—міне астықты сақтаудың бұл шаралары әрбір колхоз бен совхозда қатты қолданылуға тиіс.

Егін жыйнау және ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жұмыстарын ойдағыдай өткізу жөнінде игілікті қамқорлық жасау қазір селода барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдердің коммунистер мен комсомолцтердің, партия және кеңес қызметкерлерінің ісі мен сезіміне сіңірілуге тиіс. Қазір колхоз деревнясы үшін егінді дер кезінде ысырапсыз жыйнап алудан, өздерінің туысқан кеңес мемлекеті алдындағы міндеттемелерін тыңғылықты орындаудан асқан абройлы іс жоқ. Селода ұйымдастыру және саяси жұмыстың барлығы осыған бағындырылуға тиіс.

Егін жыйнауды үлгілі өткізумен және мемлекет алдындағы міндеттемелерді дер кезінде орындалумен жауды біржолата талқандау ісін тездетейік, еліміздің күш-қуатымен әл-аухат дәрежесін неғұрлым арттыру

Кеңес Хабаршы бюросынан

10 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

10 августа РЕЗЕКНЕ (РЕЖИЦА) қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында бірнеше елді жерді, оның ішінде АРКАЛНЫЭ, АЙЗКУЯ, АУГУЛИ, ГРЕТАНЫ, ЖИВЕНЭС, ЯУНЗЕМИ қыстақтары мен ДЗЕЛЗАВА темір жол станциясын алды.

КРУСТПИЛС қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, Латвия КСРның уезд орталығы—ЕКАБПИЛС қаласын алды, сол сыяқты 60тан аса елді жерді, оның ішінде БРОДЫ, ВИРЖИ, МИТЕЛАНЫ, ВИЕСТИТЕ, БРАНГАЛИ, СКРУЖИЭ, РОЦЕНЫ, АПАЛИ қыстақтары мен ДАУГАВА, АЛДАУНЭ, ВИЕСТИТЕ, ВАРНАВА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

КАУНАС қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, Литва КСРның уезд орталығы—РАСЕЙНЯЙ (РОССИЕНЫ) қаласын алды, сол сыяқты 40тан аса басқа да елді жерді, оның ішінде КАРУГИНЫ, ЛОТЫНИШКИ, ПОМИТУВЕ, РАУДАНЫ, БЛОГОСЛАВЕНСТВО, МИСУРКА, АШМУЦЕ, ВАДЮЛЕ қыстақтарын алды.

МАРИАМПОЛЬ қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарып, жауды адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

БЕЛОСТОК қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз НАРЕВ өзеніиен өтіп, 50ден аса елді жерді, оның ішінде ВАКЕВО КОВАЛЕВЩИНА, СТАРАЯ және НОВАЯ ЛУПЯНКА, ЯБЛОНОВО, ЛЯХА, ДРОНГИ, ЗДРОДЫ үлкен қыстақтары мен РАТИБОРЫ, НОВЫЕ СОКОЛЫ темір жол станцияларын алды.

СЕДЛЕЦ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында 30дан аса елді жерді, оның ішінде СТЕРДЫНЬ, ЖЕЛЕЗЬНИКИ, ЛИВ, ЧЕРВОНКА, СКАЖИНЧАРНОГЛУВ, СТАНИСЛАВОВ үлкен қыстақтарын алды.

САНДОМИР қаласының батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің қарсы атакаларын тойтарып, ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауындағы табан тірейтін шебін ұлғайту үшін ұрыстар жүргізуде болды және 60тан аса елді жерді, оның ішінде ПЕНЧИНЫ, ГОЙЦУВ, БРАТКУВ, МОДЛИБОЖИЦЕ, ИВАНИСКА, БАЦЬКОВИЦЕ, ПЮРКОВ, ЛАГУВ, САДКУВ, РАДОСТУВ, РАКУВ, ХАНЬЧА үлкен қыстақтары мен ВОЛЯ МАЛКОВСКА РАКУВКИ темір жол станцияларын алды.

ДРОГОБЫЧ қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның Карпат тауы етегіндегі қарсылығы мен инженерлік бөгеттерін жеңе отырып, ұрыспен алға басты, сөйтіп Дрогобыч облысының ПОДБУЖ аудан орталығын алды, сол сыяқты 40тан аса басқа да елді жерді, оның ішінде ЛИСКОВАТЕ, КРОСЦЕНКО, ВОЛОШИНОВО, ЛАВРОВ, ТОПОЛЬНИЦА ТУЖЕ, ЛАСТУВКИ, ЯСИОНКА МАСИОВА үлкен қыстақтары мен КРОСЦЕНКО, ТОПОЛЬНИЦА темір жол станцияларын алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

9 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 199 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 61 самолеті атып түсірілді.

* * *

Крустпилс қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімдері тоғайлы және батпақты жерлерде қыйын жағдайда қыймыл жасай отырып, 15 километрдей алға басты да Екабпилс қаласын алды. Жаудан өлжа және адамдар қолға түсірілді. Бір жерде бөлімдеріміз түнде ерағыта әдіс жасап, бір топ немістердің кері шегінін бара жатқан жолын кесіп өтті. Әскерлеріміз жауға қауырт соққы берді де оны батыс Двина өзеніне қарай қыспаққа алды, сөйтіп оны жойды. Көп немістер суға кетіп өлді.

* * *

Каунас (Ковно) қаласының солтүстік-батыс жағында танк және жаяу әскер бөлімдеріміз Расейняй қаласының оңтүстік жақшет аймағына жетті. Екінші бір бөліміміз қалаға шығыс жақтан басып кірді. Дұшпанның танктерімен жаяу әскерлерінің ірі күштері зеңбіректерінің және авиациясының көмегімен бірнеше рет қарсы атакаға шықты, бірақ жаудың атакалары нәтижесіз болды. Кеңес әскерлері бірнеше сағат уахыт бойы болған көше ұрыстарынан кейін тас жолдардың маңызды торабы—Расейняй қаласын алды. Немістердің 10 танкі, 3 зеңбірек батареясы мен 4 миномет батареясы жойылды. Жаудан көп олжа және адамдар қолға түсірілді.

* * *

Мариамполь қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қарсы атакаларын тойтаруда болды. Күн тәулік бойы жаудың көп танкі өздігінен жүретін зеңбіректері мен жаяу әскерлері авиацияның бұркемелеуімен шебімізге шабуыл жасады. Кеңес бөлімдері жауға нәсерлете оқ жаудырып, оны қуып тастады да дұшпанды орасан көп шығынға ұшыратты. Бір жерде барлаушыларымыз жаудың шоғырланған әскерін дер кезінде көрді. Немістер атакаға шыққан кезде, кеңес танкшілері жауға тұтқыйылдан соққы берді. Ұрыс даласында солдаттары мен офицерлерінің жүздеген өлігін, өртенген танктер мен өздігінен жүретін зеңбіректерін қалдырып, гитлершілдер кері шегінді. Әскерлеріміз бір күнде 1700 гитлершілді жойып, жаудың 100дей танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін, 7 бронетранспорттері мен 140 автомашинасын өртеді, қыйратты.

Авиациямыз әуе ұрыстарын ойдағыдай жүргізіп, дұшпанның жер бетіндегі әскерлеріне соққы берді. Немістердің 24 самолеті атып түсірілді.

* * *

Белосток қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз катты ұрыстар нәтижесінде Нарев өзенінің батыс жағалауындағы дұшпанның қорғану шебін бұзып өтті де шабуылды күшейте отырып, 15 километрдей алға басты. Кеңес бөлімдерінің берген соққысы астында кері шегіне отырып, немістер жолдарға миналар қоюда және көп[illegible] Жаудың әскерлеріміз[illegible]рып, оған аралық шептерге бекінуге мұрша бермеуде. Н. құрамасының бөлімдері үш күнде немістердің 73 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін өртеді, қыйратты. Осы уақыттың ішінде дұшпан 4400 солдаты мен офицерлерінен өлідей айырылды. Жаудан 2 паровоз, жүк тиелген 62 вагон, паровоздар үшін запас бөлшектер қойылған үлкен склад, көп қару-жарақ пен оқ-дәрі қолға түсірілді.

* * *

Сандомир қаласының батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері ұрыспен 10 километрдей алға басып, немістердің бірнеше тіректі бекіністерін алды. 1000 гитлершіл қырылды, дұшпанның 15 танкі өртенді. Немістердің 400 солдаты мен офицері қолға түсірілді. Кеңес әскерлері оңтүстік және батыс жақтан Сандомир қаласын орап алып, жаудың қорғану шебінің бұл күшті тіректі бекінісінің іргесінде ұрыстар жүргізуде. Танкке қарсы ататын зеңбіректеріміз дұшпанның 6 қарсы атакасын тойтарып, немістердің 18 танкін жойды.

* * *

9 августа қараған түнде Қызылтуды Балтық флотының торпедашы самолеті (ұшқыш-капитан Меркулов) фин көлтығында дұшпанның 8 мың тоннальк транспортына торпеда жіберіп, оны суға батырды.

* * *

Карпат теңірегіндегі аудандарда қыймыл жасаушы кеңес әскерлері соңғы уақытта венгр әскерін ауыр жеңіліске ұшыратып, оның орасан көп адамын қолға түсірді. Көптеген венгр солдаттары мен офицерлерінің өздері Қызыл Армия жағына шықты. Венгрдің 18-жаяу әскер дивизиясының 49-полкіндағы 6-ротаның өз еркімен қолға берілген командирі дейтенант Янош Имре мынаны мәлімдеді: «Соңғы ұрыстарда орасан көп шығынға ұшырадық. Мен ротаның қалдығын отаным—Венгрияны басып алған немістер үшін қазаға ұшыратқым келмеді. Менің бұйрығым бойынша, 54 солдат қаруын тастап, қолға берілді. Солдаттар менің бұйрығымды дәл осы жолғыдай ықтыярымен еш уақытта орындаған жоқ шығар деймін».

Венгрдің 10-жаяу әскер полкіндағы 1-батальонның қолға түсірілген сержанты Лайош Кадар мынаны айтты: «Орыстардың тегеуіріне төтеп бере алмай, кері шегіне отырып, тұтқыйылдан он қызыл әскер кездестірдік. Үлкен лейтенант Юхастың бұйрығы бойынша, 300 адамнан құралған бүкіл батальон он кеңес солдатына қолға берілді».

Венгрдің 11-аяжу әскер полкінің керуені нен қолға түсірілген сержант Хантоши мынаны мәлімдеді: «Орыстың екі танкі керуенімізді қуып жетті. Орыстың танкші офицері қолға берілуіміз жөнінде ұсыныс кіргізді. Керуенде 300ден аса дам бар еді. Керуендегі барлық адамдар үлкен лейтенант Бихарилдің басқаруымен бірде-бір нет

МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚ ТАПСЫРУ КОЛХОЗДАРДЫҢ БІРІНШІ ПАРЫЗЫ

Комбайншылардың еңбектегі ерлігі

Батыр Қызыл Армияның жеңімпаздықпен алға басып, немістерді өз үңгіріне қарай тықсырып бара жатқандығы және Қызыл Армияны жеңістен-жеңіске бастаушы Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдастың «Жеңіс» орденімен наградталуы Мамлют ауданы МТСтағы комбайншыларының күш, жігерін арттырды. Комбайншылар егін ору жорығының алғашқы күндерінде-ақ еңбекте үлгі көрсетті.

Комбайншы Летковский жолдас Совет астық совхозы комбайншыларының үндеуін талқылағанда, биылғы маусымда 1000 гектар егін оруға міндеттенген еді. Ол өзінің сөзімен ісін бір жерден шығару үшін барлық қабілетін жұмсауда. Летковский жолдас «Сталинец» комбайнымен қазірдің өзінде 152 гектар егін орды. Ал соңғы күні 31,6 гектар егін орып, 10 килограмм жанар май үнемдеді. Комбайннан алынған астықты дереу мемлекетке жөнелтіп отыру нәтижесінде Летковский жолдас жұмыс істейтін «Свободный труд» ауыл шаруашылық артелі мемлекетке 3564 пұт астық тапсырды. 9 августа 984 пұт астық дайындау орнына жөнелтілді.

«12 лет октября» ауыл шаруашылық артелінде орылған 259 гектар қара бидайдың тең жартысы комбайншылардың үлесі. Комбайнмен орылған өнімнен бұл колхоз мемлекетке 2088 пұт астық тапсырды.

Комбайншы Мальценок, Марьян Первак, Казимир Первак және Пономарев жолдастар да еңбек өнімін күн санап арттыруда. Пономарев жолдас Жданов атындағы ауыл шаруашылық артелінде үш күнде 64 гектар қара бидай орды. Марьян Первак жолдастың өндірістік көрсеткіші осындай. Ол төрт күнде 66 гектар егін орып, күнделік мөлшерді 16—17 гектар етіп орындап отырады.

Осы сияқты комбайншылардың жаңаямай еңбек етуі ауданда мемлекетке астық тапсырудың күн санап өрістеуін қамтамасыз етті. Ауданның колхоздары тек Мамлют астық дайындау орнына ғана 15.576 пұт астық тапсырды. Соңғы екі күнде тапсырылған астық 9300 пұтқа жетті.

Аудан басшыларының және колхоз басқармаларының міндеті—егін оруда аянбай еңбек істеп жүрген осындай таңдаулы комбайншылардың іс тәжрибесін жұртшылықтың игілігіне айналдыру, сөйтіп аудан колхозшыларының барлығын егінді тез және ысырапсыз жыйнап алуға, мемлекет алдындағы бірінші парызды мүлтіксіз орындауға жұмылдыру болып саналады.

Ә. МҰХАМЕДРАХИМОВА.

Қара бидайды ору ойсыраған олқылыққа ұшыраған

БОГОЛЮБОВО. (Өз тілшімізден). Приешім ауданы колхоздарының қара бидай ора бастағанына екі аптадан аса мезгіл өтті. Аудандағы 103 комбайн, 151 лобогрейка және бірнеше жүздеген қолшалғымен 15—16 күн ішінде 3400 гектар ғана қара бидай орылды, орылған егіннің 1500 гектары ғана маяға салынды. Бұл-жоғарыда көрсетілген мүмкіншіліктердің нашар пайдаланылып отырғанын сыпаттайды.

Қара бидай ору қарқынының кешіргісіз баяу болуына бірінші себеп—комбайндардың нашар пайдаланылуынан болып отыр. Аудандағы 103 комбайнның 37 жұмысқа қосылған жоқ. Ал жұмысқа қосылған комбайндардың еңбек өнімі өте төмен. Сондықтан да ауданда комбайнмен орылған егін 170 гектарға жетер-жетпестік ғана болды.

Комбайндардың пайдаланылуы әсересе Ленин атындағы машина-трактор станциясында мардымсыз болып келеді. Бұл МТС тың басшылары (директоры Козура жолдас) комбайндардың егін жыйнауға уақтылы дайындалуын және оларды жөндеуса пасының ойдағыдай болуын қамтамасыз етуге ойдағыдай басшылық жасамады. «Мереке» ауыл шаруашылық артеліне жіберілген комбайн 10 күннен аса мерзімде бірдебір гектар қара бидай оруға жарамады.

Бұл машина-трактор станциясының басшылары көшпелі мастерской ұйымдастыруға да немкетті қарайды. Осының салдарынан механиктер қосалқы бөлшектерді арқалап, колхоздардың егін даласынан жаяу баруға мәжбүр болып жүр. Осындай техникалық көмек бола ма?! Осы сияқты, комбайншылардында бір талайында ұсақ керек-жарақтар бөлшектер жоқ. Жанар май құятын арнаулы асбаптың болмауы салдарынан, моторға жанар май құярда ол әжептәуір ысырапқа ұшырайды.

Бірсыпра колхоз басшылары егін жыйнайтын жай машиналарды жұмысқа қоспай, комбайнға сенумен арқаны кеңге салуда. Бұған дәлел етіп, 151 лобогрейканың 110 ғана пайдаланылып отырғандығын және егін жыйнауға бейімделіп жабдықталған шөп машиналары мен қол шалғылары жұмысқа мүлде қосылмағандығын айтудың өзі-ақ жеткілікті. «Путь Ленина» және «Путь Октября» ауыл шаруашылық артелдерінде лобогрейкалардың 50 проценті әлі жөнделмеген. «Путь к социализму» және Буденный атындағы колхоздарда да іс тің жәйі осындай.

Шынын айту керек, ауданда қара бидай оруды соғыстағыша жүргізіп отырған колхоздар да жоқ емес. Киров атындағы ауыл шаруашылық артелінде 200 гектардан аса қара бидай орылды, соғылған қара бидайдан 570 пұт астық мемлекетке тапсырылды. «Октябрь» ауыл шаруашылық артелінде де 170 гектардан аса егін орылды. Бұл колхозда егін жыйнауға комбайн және жай машиналар қосылумен бірге 5 адамнан қол шалғышылар звеносы ұйымдастырылды. Звено мүшелерінің әр қайсысы күніне 0,50-0,60 гектар қара бидай орып жүр.

«1 май», Тельман атындағы, «Красный Интернационал» ауыл шаруашылық артельдері де қара бидай оруды аяқтауға жуық. У. Рамазанова, Сқақова жолдастар күн сайын лобогрейка мен 6—7 гектардан егін оруда, сөйтіп еңбек өнімін күн санап арттыруда.

Амал қанша, осындай алдыңғы қатарлы колхоздар мен колхозшылардың іс үлгісін аудан басшылары (аудандық кеңес атқомінің председателі Клобук, ҚК(б)П аудандық комитетінің секретарі Страхов жолдастар) жұртшылық игілігіне айналдыра алмады. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің және ҚК(б)П Орталық Комитетінің XI пунлеаумының «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» қаулысын жүзеге асыру үшін тиісті шаралар қолданбады. Олар қара бидай оруды кешіргісіз баяулатып отырған колхоз және МТС басшыларына жұмысты шұғыл жеделдетуге бағытталған талаптар қоймай келеді.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Бидай мен сұлыны іріктеп ору басталды

Булаев ауданының бір қатар ауыл шаруашылық артельдері күздік егіс егу және бидай мен сұлыны іріктеп ору жұмысына кірісті. „Гигант" ауыл шаруашылық артелінде 7 гектар, „Комсомолец" ауыл шаруашылық артелінде-6 гектар және Буденный атындағы ауыл шаруашылық артелінде-6 гектар күздік егіс егілді.

Ворошилов атындағы ауыл шаруашылық артелінде тұқымға арналған 13 гектар бидай орылды. Ал „3-пятилетка" колхозында 7 гектар сұлы шабылды Сталин атындағы және „Гигант" ауыл шаруашылық артельдерінде де бидай мен сұлының піскенін іріктеп ору ісі қолға алынды.

Қ. ЖАПАРОВ.

Сауда қызметкерлерінің облыстық мәслихаты

Жуырда Петропавлда сауда және көпшілік тамақтандыру орындары қызметкерлерінің облыстық мәслихаты болып өтті. Мәслихатқа аудандық сауда бөлімі мен тұтынушылар одағының председательдері және көпшілік-тамақтандыру орындарының қызметкерлері қатынасты.

Сауда орындарында бірінші жарты жылда сауда-саттық жоспарының орындалуы туралы облыстық сауда бөлімінің меңгеруші сі **Ксенз** және облыстық тұтынушылар одағының председатель **Писеук** жолдастар баяндама жасады. Баяндамашылар облысымыздың сауда орындары бірінші жарты жылда жоспарды орындауда едәуір табыстарға ие болғандығын, жергілікті кооперативтік орындар Қызыл Армияның Бас командованиесі қорыңа арнап, жоспардан тыс көпшілік қолды бұйымдар өндіргендігін айтты.

Баяндама бойынша бірнеше адам сөз сөйледі. Олар сауда орындарының жұмыстарындағы жетістіктерді айтумен бірге, кемшіліктерді де атап көрсетті. Облыстық сауда бөлімі мен асқана және ресторан-тресті жұртшылық тілегіне сай жұмыс істей алмай отыр. Бұл мекемелер бірінші жарты жылда 60 мың сомның азық-түлігін талантаражға ұшыратты.

Кейбір аудандық сауда бөлімдері жұмысшылар мен қызметкерлердің азық-түлігін талонмен бермей, тізім арқылы беріп келген. Сонымен бірге складқа түскен бұйымдарды дүкенге салмай, сол тұрған жерінде таратып беру, кейбір аудандарда орын теп кен. Облыс бойынша май, жүн, ет, жұмырт қа дайындаудың бірінші жарты жылдық жоспары орындалмады. Бұл аудандық сауда орындары қызметкерлерінің жұмысқа жанды басшылық етпей отырғандығын көрсетеді.

Сауда мекемелері мен көпшілік-тамақтандыру орындары көмекші шаруашылықты өркендете алмай келеді. Олардың огородтағы жемістерін арам шөп қаптап кеткен.

Мәслихатта сөз сөйлеген жолдастар, сауда орындары майданшылардың үй-іштеріне көмек көрсету жөнінде айтарлықтай ештеңе істей алмай отырғандығын атап көрсетеді.

Мәслихаттың соңында облыстық партия комитетінің секретарі **Нечаев** жолдас сөз сөйлеп, сауда орны қызметкерлерінің егін жыйнау кезіндегі нақтылы міндеттеріне тоқталды.

Мәслихатқа қатысқандар облысымызда сауда орындарының жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар белгілеп, қаулы қабылдады.

Жастардың үлгісі

Ширшовский жолдас БЛКЖО Орталық Комитетінің комсоргі болып, істейтін завод өткен айда зор табыстарға ие болды. Бұл істе комсомол-жастар бригадалары зор үлгі көрсетті. Бригада мүшелері тапсырмаларды үнемі толық және артығымен орындады.

Питерцов жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындау үшін, жанкыярлық еңбек істеп, өндірістік жоспарды 320 процент орындады, сөйтіп жастар ұйымының ауыспалы Қызыл Туына ие болды. Юдина жолдас басқарған майдандық комсомол-жастар бригадасының мүшелері шабуылдағы Қызыл Армияның жеңістеріне жаңа өндірістік табыстарға жетумен жауап беруде. Слесарь Мусина, Шәкіржанова жолдастар сияқты жас мамандар жолдастарына үздіксіз жұмыс техникасын үйретіп, олардың күнделік жұмыс тапсырмаларын толық орындауларына көмектесіп жүр.

Жастар арасында үгіт-көпшілік жұмысы едәуір жақсартылды. Қазірде әрбір цехта күнсайын отан соғысы майдандарының соңғы хабарлары және жауынгерлік эпизодтар оқылып отырылады, мұнымен бірге социалистік жарыста пәрменді ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде, заводтағы комсомол-жастардың арасында стахановшы қатары үнемі өсуде. Қазірде барлық жастардың 80 проценті стахановшы болып отыр.

Завод жастары Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдастың «Жеңіс» орденімен наградталуын өндірістік өрлеумен қарсы алып, оған зор табыстармен жауап беру үшін, күнделік жұмыс тапсырмаларын бір жарым-есе артығымен орындауды міндеттеріне алып, жұмыс қарқынын күшейтуде.

Ж. САБЫРОВ.

Нормандиядағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 7 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесінің штабы, Британияда барлығы 13.300 немістің қолға түсірілгендігі бүгін түс ауа мәлім болғандығын хабар етті. Немістер өлідей 3.400 адамынан айырылды.

Одақтастардың Европадағы әскерлері жоғарғы командованиенің штабы, Британияда Орэ (Ван мен Лориан аралығында) мен Кэльгоаның алынғандығын хабар етті. Мұнымен қатар, Шатонеф (Сен-Мало жанында) алынды. Брест және Сен-Мало үшін ұрыстар болып жатыр. Одақтастар әскерлері Вирді жаудан тазартып, бұл ауданда жаудың қарсылығы бәсеңдемегенмен, өз позициясын едәуір жақсартты. Одақтастар әскерлері Тюрнідің солтүстік жағында Орн өзенінен өтіп жатыр.

Германия швейцарияға шабуылы

ЛОНДОН, 8 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша Германияның Жоғарғы Сабоя жағынан ұшып келген екі истребителі мен бір бомбардировщигінің Швецарияның Француз шек арасына таяу жердегі тау арасындағы Мор-эн деген кішкене қаласына бомбалар тастап, оған пулеметтен ок жаудырғандығы Берлинде ресми түрде жарияланды. Адам өлімі бар және мүлік жағынан шығын болды. Бұл самолеттер Франко-Швейцария шек арасына таяу жердегі алапта Француз партизандарына қарсы жүргізілген ұрыс қыймылдарына қатысқан көрінеді.

Гитлер бүліншілік жасаған генералдар мен офицерлерді жазалауда

ЖЕНЕВА, 8 август. (ТАСС). Гитлер құрған офицер соты деп аталатын соттың қаулысы бойынша, Гитлерге қарсы қастық әрекетіне қатысқаны үшін герман армиясынан қуылған төрт генерал мен төрт офицерге сот болғандығы Берлинде ресми түрде жарияланды. Сол генерал-фельдмаршал фон Вицлебенді, генерал-полковник Геппнерді (ол германия армиясынан 1942 жылы шығарылған), генерал-лейтенант фон Хазены, генерал-майор Штифты, бас штаптың подполковниті Бернардисті, капитан Клаузингті, запастағы обер-лейтенант фон Гаген мен запастағы лейтенант графо фон Вартенбургты дарға асып өлтіруге үкім еткен.

Айыпкерлер үкім шыққаннан кейін екі сағаттан соң дарға асылған.

Жапония Күпия Кеңесі президентінің өлімі

ТОКИО, 8 август. (ТАСС). Домей Цүсин агенттігінің хабары бойынша, Жапония Күпия Кеңесінің президенті Иосимицу Хаза өлген.

Анкараның қарауылдандырылуы

ЛОНДОН, 8 август. (ТАСС). АФИ агенттігінің Анкарадағы тілшісінің хабары бойынша, Түркияның астанасы 7 августан бастап кешке қарай шам жағылмай, қараңғыланатын болған.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Соңғы ай ішінде Америка авиациясының шабуылына ұшыраған Германияның көптеген соғыс және өнеркәсіп орындарының ішінде Германияның мұнай қорытатын негізгі 15 заводы мен синтетика жанармайын өндіретін 8 завод бар. Барлаудың нәтижесі, мұнай қорытатын бұл заводтардың кейбіреулерінің істен шыққандығын, ал басқа заводтардың қатты зыяндалғандығы сондай, олардың бұйым өнімі едәуір кемігендігін көрсетті. Синтетика жанармайын өндіретін 8 заводтың барлығы дерлік істен шығарылған.

* * *

Францияның Американың 1-армиясының әскерлері қыймыл жасап жүрген аудандарының өзінде ғана жаудың жерінде ұрыс басталғаннан бері 85543 неміс қолға түсіріліп, 161711 неміс жойылған.

* * *

Жақын арада Италия отаншылары Туриннің оңтүстік-батыс жағындағы бірнеше деревнялардан гитлершілдерді қуып шығарған. Немістердің бұл ауданға келген жазалаушы ірі отрядтары бұл жерде көптеген итальяндарды атып өлтіріп, бірсыпра деревняларды өртеген. Жергілікті халықтың көпшілігі тау арасына кетіп, партизандарға қосылған.

Жауапты редактордың орынбасары Қ. ӘЛІМБАЕВ.